

АНЫҚТАМА

Бұлақтыкөл орта мектебінде «Критериалды бағалау жүйесіндегі БЖБ мен ТЖБ-ның рөлі» тақырыбында әдістемелік семинар өткізілді.

Семинардың мақсаты – мұғалімдердің критериалды бағалау жүйесіндегі БЖБ мен ТЖБ-ның мәні мен рөлін терең түсінуіне жағдай жасау, оларды жоспарлау, өткізу және нәтижелерін талдау бойынша әдістемелік құзыреттілігін арттыру, сондай-ақ оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған кәсіби дағдыларын дамыту.

Семинар барысында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мәселелері, БЖБ мен ТЖБ тапсырмаларын тиімді құрастыру жолдары, жиынтық бағалау нәтижелерін талдау және сапалы кері байланыстың маңызы жан-жақты қарастырылды.

Сонымен қатар әріптестермен бірлесе отырып жиынтық бағалаудың тиімділігін арттыру, оқу жетістіктерін бағалауда кездесетін өзекті мәселелер талқыланды. Семинар аясында бағалау критерийлерін құрастыру, дескрипторларды нақтылау және бағалау нәтижелерін талдау бойынша практикалық жұмыстар жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №125 бұйрығының 2-тарауына, атап айтқанда «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізудің тәртібі» талаптарына сәйкес бағалау үдерісін ұйымдастыру мәселелері талқыланып, қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, пікірлерін білдірді.

Семинар жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, жоғары әдістемелік деңгейде өткізілді және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал етті.

Бірлестік жетекшісі:  А.Б.Құрманалина